



Мейрамы!
Наурыз!



- Наурыз- “жаңа күн” деген сөз. Бұл күні біздің ата – бабаларымыз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан, жыл басы мерекесі. 1988 жылы ресми мейрамдауды бастаған.

Бүгінгі Наурыз мейрамында екі мерекенің мазмұны қосарланып жүреді: оның бірі – қазақша Жаңа жыл болса , екіншісі күн мен түннің теңесімі.

Бұрынғы 14 наурызда “Амал” атауымен тойланып келген жаңа жыл мерекесі Наурызбен біріктірілді. Бір қызығы, қазақ наурызы 21-22 наурызда емес , 14 наурызда аталып келген және ол бейресми түрде елдің кейбір аймақтарын қамтыған.



Көрісу (Амал мерекесі деп те аталады)

— [Қазақстанның](#) батыс өңірі мен [Ресейдің](#) шекаралас аймақтарындағы қазақтардың арасында сақталған ежелгі [дәстүр](#).

Жаңа жылды Байбақты Қазыбек күнтізбесі бойынша қарсы алатын аймақ тұрғындары 14 наурызды «Көрісу (яғни қауышу) күні» деп те атайды. Бұл күні ауыл тұрғындары ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға [сәлем береді](#). Көрші-көлем бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілек айтады. Көрісу күні бұрынғы өкпе-реніш кешіріліп, араздық ұмытылады, көрші-көлем бір-бірін шеке асына шақырып, меймандардың отбасына, ағайын-туыстарына амандық-саулық, құт-береке тілейді.

